

"Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 10 ақпандағы № 1 Нормативтік қаулысы

1. Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта бірінші абзацтағы "79-тарауының 1-параграфына" деген сөздер "70-тарауына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақта:

"532", "534" деген цифрлар тиісінше "607", "609" деген цифрлармен ауыстырылсын;

бірінші абзацта:

"заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін азаматтық істер бойынша алынатын міндетті төлем болып табылады" деген сөздер "заңды мәні бар, оның ішінде құжаттарды (олардың көшірмелерін, телнұсқаларын) берумен байланысты іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын бюджетке төленетін төлем болып табылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4-тармақта:

бірінші абзацта:

"533" деген цифрлар "608" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"жеке және заңды" сөздері алып тасталсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік баждың төленгені туралы төлем құжаттарында "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 223 Заңына сәйкес төлеушінің жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірін және заңды тұлға үшін бизнес - сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, заңдық маңызы бар әрекеттер жасау үшін сотқа жүгінген нақты сол төлеуші (талап қоюшы, арыз беруші) мемлекеттік баждың тиісті сомасын төлегені көрсетілген жағдайда, арыз беруші өз өкілі арқылы мемлекеттік бажды төлеуі мүмкін.";

мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Төлем құжаттарында төлеуші ретінде тек өкілдің мәліметтері көрсетілген кезде арыз төлеушіге (талап қоюшыға, арыз берушіге) мемлекеттік бажды төлемеуіне байланысты қайтарылуға жатады.

Салық төлеушінің (салық агенті) - жеке тұлғаның, оның ішінде дара кәсіпкердің өкілі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, нотариат куәландырған немесе оған теңестірілген сенімхат негізінде әрекет етеді.";

4) 5-тармақта:

"535" деген цифрлар "610" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

"мен шаруа (фермер)" деген сөздер ", шаруа немесе фермер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің (өсімпұлмен қоса алғанда)", "және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің (өсімпұлмен қоса алғанда)" деген сөздер "кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін төлемдердің (өсімпұлмен қоса алғанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы ", сондай-ақ аралық соттардың шешімдерінің, төреліктің шешімдерінің күшін жою туралы өтініштерден", ", сонымен қатар аралық соттардың шешімдерінің, төреліктің шешімдерінің күшін жою туралы өтініш" деген сөздер алып тасталсын;

5) 6-тармақтағы "541" деген цифрлар "616" деген цифрлармен ауыстырылсын;

6) 8-тармақтың екінші абзацындағы "азаматтық" деген сөз алып тасталсын;

7) 9-тармақтағы "547-бабы 3-тармағына" деген сөздер "623-бабы 2-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10-тармақта:

төртінші абзац алып тасталсын;

"535" деген цифрлар "610" деген цифрлармен ауыстырылсын;

9) 11-тармақта:

"548-бабының 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында" деген сөздер "108-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"548" деген цифрлар "108" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "АПК-нің 29-тарауының ережелері бойынша" деген сөздер "сотқа" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "немесе бітімгершілік келісім бекітілгенде" деген сөздер алып тасталсын;

10) 14-тармақтағы бірінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Мүліктік сипаттағы істер бойынша өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі сот шығыстарын өтеу сомасы АПК-нің 113-бабында белгіленген шектен аспауы тиіс және тараптардың өтінішхаты бойынша немесе соттың қалауымен төмендетуге жатпайды.";

11) 15, 18-тармақтардағы "541" деген цифрлар "616" деген цифрлармен ауыстырылсын;

12) 16-тармақтағы "(ұлғайту)" деген сөз алып тасталсын.

2. Республикасы Конституциясының 4-бабына сай, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы*

Ж. Асанов

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыстың хатшысы*

Г. Әлмағамбетова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК